

**8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау  
(6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Измагамбетова Раиса  
Кудайбергеновнаның «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін  
критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына  
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p><u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңын және «Педагог мәртебесі» туралы Заңы, Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>1.Р.К.Измагамбетованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған.</u>	Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымының дамуына <b>елеулі үлес қосады.</b> Қазіргі қоғам талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру

			<p>мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдеген.</p> <p><i>Біріншіден,</i> бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі жүйелі талдануымен елеулі үлес қосады.</p> <p><i>Екіншіден,</i> бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалды жүйе негізінде қалыптастыру мәселесін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негіздеу арқылы елеулі үлес қосады.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> «бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәнін нақтылап, құрылымын анықтау арқылы елеулі үлес қосады;</p> <p><i>Төртіншіден,</i> бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау арқылы елеулі үлес қосады;</p> <p><i>Бесіншіден,</i> бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру әдістемесінің жасалғандығы ғылымға елеулі үлесін қосады және практикалық маңыздылығын арттырады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Р.К.Измагамбетова диссертациялық жұмысты жазуда өз ұстанымын толықтай сақтаған. Жұмыс мазмұны түсінікті тілде баяндалған. Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның зерттеу үдерісіне деген ғылыми көзқарасының пайда болуына мүмкіндік береді. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі <b>жоғары.</b>
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация өзектілігінің дәлелі <b>негізделген.</b> Кіріспеде,



	<p>1) <u>негізделген</u>;  2) жартылай негізделген;  3) негізделмеген.</p>	<p>Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне енуі еліміздің білім беру жүйесін жетілдірудің жаңа бағдары критериалды бағалау жүйесі арқылы оқушыларды ішкі бағалаудың объективтілігін арттыру жұмысын жалғастыруды талап етеді. Демек, бұл білім саясатындағы басым бағыт ретінде бағалау жүйесі мен білім сапасының мониторингін жетілдіру үшін өзекті. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде калыптастыру қазіргі білім беру ісінің басты міндеті болып есептелуімен, Р.К.Измагамбетованың ғылыми-зерттеу жұмысының өзектілігі негізделген.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) <u>айқындайды</u>;  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде <b>айқындайды</b>. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім 3 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  1) <u>сәйкес келеді</u>;  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының қойылған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына <b>сәйкес келеді</b>, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  1) <u>толық байланысқан</u>;  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы, яғни жалпы құрылымы мен қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан <b>толық байланысқан</b>. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі</p>

			қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерді шешуге арналған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-экспермент нәтижелерін сандық, сапалық және <b>сыни талдау</b> арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант Р.К.Измагамбетованың диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, ізденуші «Критериалды бағалау» және «Бағалау дербестігі» ұғымдары мен түсініктерінің мазмұны байытылып, нақтылануы → бірінші нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> екендігінің дәлелі. Екінші ғылыми нәтижеге жету үшін бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесі педагогикалық-әдіснамалық тұрғыдан негізделуі – екінші нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> екендігін көрсетеді. Үшінші ғылыми нәтижеге жетуде білім беру үдерісіндегі бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің нәтижелерін



		<p>критериалдық жүйе негізінде дербес бағалаудың мәні мен сипаттамасының берілуі – үшінші нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> екендігін растайды.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалуын <b>толығымен жаңа</b> деп санаймыз.</p> <p>Бесінші ғылыми нәтиже ретінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілуі және ғылыми негізделген ұсыныстар дайындауы <b>толығымен жаңа</b> екендігін растайды.</p>	<p>критериалдық жүйе негізінде дербес бағалаудың мәні мен сипаттамасының берілуі – үшінші нәтиженің <b>толығымен жаңа</b> екендігін растайды.</p> <p>Төртінші ғылыми нәтиже ретінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалуын <b>толығымен жаңа</b> деп санаймыз.</p> <p>Бесінші ғылыми нәтиже ретінде бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың әдістемесі жасалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексерілуі және ғылыми негізделген ұсыныстар дайындауы <b>толығымен жаңа</b> екендігін растайды.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертацияның «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде автордың диссертациялық зерттеу нәтижесінде зерттеу аясы бойынша жаңа білім алғандығын көрсетеді. Екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін жүйелеп, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделі құрылған. «Бастауыш сынып</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Теориялық-әдіснамалық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипатының түзілуі бірінші шынайы тұжырымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертацияның «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде автордың диссертациялық зерттеу нәтижесінде зерттеу аясы бойынша жаңа білім алғандығын көрсетеді. Екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерін жүйелеп, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделі құрылған. «Бастауыш сынып</p>

			оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалаудың жүйесі» атты оқу әдістемелік семинар бағдарламасы және оның жүзеге асырылу кезеңдері мен логикасы үшінші тарауда зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде қарастырылған және зерттеу нәтижелерін растайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың ұсынған бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру үдерісінің ғылыми-тәжірибелік негізі <b>толығымен жаңа және негізделген</b> болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперменттік жұмыс <b>нәтижелерімен</b> , ғылыми жарияланымдармен расталынған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде алынған қорытындылар бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар, қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жалпы білім беретін мекемелердің педагогикалық тәжірибелерінде пайдалануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u> ;	Докторант Р.К.Измагамбетованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған бес қағидатты айтуға болады: 1. Бірінші қағида бойынша бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі динамикалық үдеріс ретінде оқушылардың оқу нәтижесін жетілдіру мен білім сапасын нақты салыстыруға негізделіп, тұлғаның дамуына ықпал ететін қарама-қайшылықтарды шешудегі өзін-өзі тануы, өзін-өзі іске асыруда оқу



		<p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>жетістігі мен кемшілігін ажыратып, ой қорытындысын жасай білу қабілеттілігі, өзіне деген сенімін арттырып, алға жылжуы, өзін өзі дамыта отырып, өзіне дербес баға бере білуі. Оқушыларға алдын-ала белгілі оқу мен оқыту үдерісінің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін критерийлерге жауап беруде олардың бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастырудың генезисіне жасалған талдаулардағы идеялар мен тұжырымдар зерттеу жұмысының теориялық негізін құрайды. Қағида дәлелденген, тривиалды емес, зерттеу пәні туралы жаңа білімді ұсынады, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және критериалды бағалау негізінде бастауыш сынып оқушыларының өзін-өзі бағалауын қалыптастыру // (Хабаршы-Вестник-Bulletin. «Педагогика ғылымдары» сериясы №2 (74). Алматы 2022 Б.158) атты мақаласында дәлелденген және көрініс тапқан.</p> <p>2. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерінде өзін-өзі бақылау мен бағалау – оқу іс-әрекетінің орталық құрылымдық құрамдас бөлігі ретінде педагогикалық бағалау оқушының өзін-өзі бақылауы мен өзін-өзі бағалауының қалыптасуына әсер етеді. Бақылау – бұл кері байланыс пен қызмет және оның нәтижелері туралы ақпарат алу процедурасы, бағалау дегеніміз – оқу іс-әрекеті нәтижелерінің мақсаттармен арақатынасы үдерісі. Оқытудың жетістігі тек педагогикалық негізге ғана емес, сонымен бірге тұлғаның психологиялық тетіктерін негізге алатын негізге де ие болады. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыру ұғымына анықтама беріледі.</p>
--	--	--	--

		<p>Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және «Бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктерін бағалаудағы критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі» // (Хабаршы-Вестник-Bulletin. Серия «Педагогика ғылымдары» №4 (76), Алматы 2018 «Қыздар университеті» – Б. 131-135) атты мақаласында көрініс тапқан.</p> <p>3. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі», «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні теориялық талдаулар негізінде нақтыланып, оның құрылымы қалыптастырушы және жиынтық бағалау негізінде жүзеге асырылғандықтан, алғашқы ұғымда қалыптастырушы бағалауды – аналитикалық бағалау деп аталатындығымен, ал жиынтық бағалауды – холистикалық бағалау яғни тұтас қысқа мерзім ішінде және жалпы түрде бағалаумен байланыстыра қарастырылған. Қалыптастырушы бағалау оқыту мақсатына сәйкес оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін, оқу жетістігінің дамуына ықпал етсе, ал жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын үдеріс. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі», «бағалау дербестігі» ұғымдарының психологиялық-педагогикалық тұрғыда нақтыланған мәні мен оның сипаты зерттеу жұмысының теориялық негізі болып табылады.</p> <p>Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, «Эффективность использования методов формативного оценивания в средних школах Казахстана» // (Научно-практический журнал № 1(9)•2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.28-35) атты мақаласында дәлелденген.</p> <p>Бастауыш сынып оқушыларының</p>
--	--	--



			<p>бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің теориялық аспектілері ретінде келесідей: кері дизайн, әлеуметтік-конструктивтік оқу теориясы, жақын арадағы даму аймағы, скаффолдинг теориясы, қалыптастырушы бағалау теориясы, білімді толық меңгеру теориясы, сөйлеу әрекетінің теориялық негіздері алынған. Модель мотивациялық, оқу-танымдық, рефлексивтік-бағалаушылық компоненттер бірлігінде қарастырылып, онда әдіснамалық тұғырлар, ұстанымдар, қалыптастыру үдерісінің мазмұнын, бағалау дербестігін критериалды жүйе негізінде қалыптастыру дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемдер мен көрсеткіштер және соған сәйкес деңгейлері анықталған құрылым. Қағида дәлелденген және негізделген, тривиалды емес, жаңа, бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру ауқымы кең және «Формирование учебно-познавательной компетенции младших школьников на основе критериального оценивания // (Научно-практический журнал № 1(9) 2022 ISSN: 2686-9152 г. Омск, Россия РИНЦ. С.14-21) атты мақаласында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Докторант Р.К.Измагамбетованың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысында басшылыққа алынған жүйелілік тұғыр, түгеллік-бағдарлы тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, құзыреттілік тұғыр, рефлексивтік тұғыр және дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алған.
		8.2 Диссертация	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен

<p>жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау): эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолдану. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру деңгейін анықтау үшін Т.Д.Дубовицкаяның «Оқу мотивациясының бағытын диагностикалау әдістемесі» сауалнамасы, Е.П.Ильин. Н.А.Курдюкованың «Білім алуға бағытталу» әдістемесі «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптасуы» атты авторлық сауалнамасы және кесінді тапсырмалары қолданылған.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Теориялық тұжырымдар Алматы қаласы, Жетісу ауданы, №3 және Алатау ауданы №156 жалпы білім беретін мектептерінің бастауыш сынып оқушыларына жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденген. Зерттеу жұмысының «Е» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p>
<p>8.4 Маңызды мәлідемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған /</p>	<p>Маңызды мәлідемелер ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар,</p>



xX		расталмаған	оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, бастауыш сыныпқа арналған критериалды бағалау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы <b>расталған</b> .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті</b> . 196 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	<b>Диссертацияның теориялық маңызы бар</b> , себебі, Бағалау дербестігінің критериалды жүйесінің генезисі талданып, бастауыш сынып оқушыларының дербес бағалауын критериалдық жүйе негізінде қалыптастыру мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделген. «Бағалау», «критериалды жүйе», «критериалды бағалау жүйесі» және «бағалау дербестігі» ұғымдарының мәні нақтыланып, құрылымы анықталған. Авторлық анықтамасымен толықтырылған. Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделді жасауы диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығын көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін критериалдық жүйе негізінде қалыптастырудың <b>практикалық маңыздылығы бар, себебі</b> , «Бастауыш сынып оқушыларының бағалау дербестігін қалыптастыруда критериалды бағалаудың жүйесі» атты оқу-

			әдістемелік семинар жоспары дайындалған. Бастауыш сыныптарда «дүниетану мен жаратылыстану» пәндерінен критериалды бағалау тапсырмалар жүйесі» атты әдістемелік құралы дайындалған. Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш деңгейлерінің мұғалімдері мен біліктілікті арттыру орталықтарындағы білім беру үдерісінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жана</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар <b>толығымен жана</b> және оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және әлеуетті деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісте оқушылардың жетістіктерін салыстырмай, бір-біріне тәуелді етпей әр оқушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталуы бастауыш сыныптың білім беру сапасын арттыруға тікелей ықпал етеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу түрі – диссертация. Академиялық жазу сапасы <b>жоғары</b> . Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

**Шешім:** 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша докторант Измагамбетова Раиса Кудайбергеновнаға философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті  
өңірлік университеті

25.09.2022



А.К.Тогайбаева